

**Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 28 ақпанда № 6793 тіркелді.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.09.2020 № 108 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қолданушылардың назарына!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағының 1), 3-2) және 3-4) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 № 122 (01.01.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктерінің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.09.2020 № 108 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының осы қаулының қосымшасына сәйкес қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

4. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Өртембаев А.Қ.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне, екінші деңгейдегі банктерге, ипотекалық ұйымдарға және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

*Ұлттық Банк  
Төрағасы*

*Г. Марченко*

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2011 жылғы 31 қаңтардағы  
№ 3 қаулысымен бекітілген

**Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары**

**Ескерту. Жоспардың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.09.2020 № 108 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2016 № 279 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Осы Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктердің филиалдарындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары (бұдан әрі – Шот жоспары) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 63) тармақшасына, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 20-бабы 6-тармағының 1), 3-2), 3-4) тармақшаларына сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктердің, ипотекалық ұйымдардың, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының, бұдан бұрын еншілес банктер болған заңды тұлғалардың қаржылық есептілік элементтерін топтастыруы және құндық көрсеткішпен ағымдағы көрсетуі және Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктері филиалдарының бухгалтерлік есеп деректері бойынша есептілік элементтерін ағымдағы көрсетуі үшін арналған.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 81 (01.01.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Шот жоспарында "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында көзделген ұғымдар пайдаланылады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 81 (01.01.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Шот жоспары банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент - банктері филиалдарының (бұдан әрі – банктер), ипотекалық ұйымдардың және "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының қаржы-шаруашылық операцияларын бухгалтерлік есепке алуда мынадай кластар бойынша жіктеу схемасын білдіреді:

бірінші класс - "Активтер";

екінші класс - "Міндеттемелер";

үшінші класс - "Меншікті капитал";

төртінші класс - "Кірістер";

бесінші класс - "Шығыстар";

алтыншы класс - "Шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер";

жетінші класс - "Балансқа меморандумның шоттары".

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.09.2020 № 108 (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. Талдамалық есеп мынадай белгілер бойынша жүргізіледі:

1) валюта түрі;

2) резидент-резидент емес;

3) меншік нысаны;

4) экономика салалары;

5) заемдар түрлері;

6) клиенттер, бағалы қағаздар эмитенттері, корреспондент банктер;

7) өзге де қажетті белгілер.

5. Бастапқы үш кластың шоттары банктің, ипотекалық ұйымның және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының бухгалтерлік балансында көрсетіледі.

Төртінші және бесінші кластардың шоттары банктің, ипотекалық ұйымның және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының пайдалар мен залалдар туралы есебінде көрсетіледі.

Банктің, ипотекалық ұйымның және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының есепті кезеңдегі қызметінің нәтижесі үшінші кластың шоттары бойынша көрсетіледі.

6. Шоттың бірінші цифры класқа тиесілігін, екінші, үшінші цифрлары шоттардың тобына тиесілігін көрсетеді, төртінші цифры шоттардың одан әрі нақтылануын және талдамасын айқындайды.

6-1. Банктің, ипотекалық ұйымның, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының шетел валютасымен және аффинирленген бағалы металдармен операцияларын 1858, 1859, 1873, 1874, 2858, 2859, 2872 және 2873-шоттарды пайдаланбастан бухгалтерлік есепте көрсетуге мүмкіндік беретін автоматтандырылған қосалқы есеп болған кезде шетел валютасындағы операцияларды бухгалтерлік есепте жоғарыда көрсетілген шоттарды пайдаланбастан көрсетуге жол беріледі.

2876-шотты пайдаланбастан төлем карточкаларын пайдалана отырып, операцияларды бухгалтерлік есепте көрсетуге мүмкіндік беретін автоматтандырылған қосалқы есеп болған кезде жоғарыда көрсетілген шотты пайдаланбастан төлем карточкаларын пайдалана отырып, операцияларды бухгалтерлік есепте көрсетуге жол беріледі.

**Ескерту. Үлгі шот жоспар 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2013 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.11.2023 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

7. "Активтер" бірінші класына мынадай шоттар тобы кіреді:

1000	Ақша
1010	Тазартылған қымбат металдар
1050	Корреспонденттік шоттар
1060	Электрондық ақша
1100	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қойылатын талаптар
1150	Айналысқа шығарылғанға дейінгі ұлттық валюта банкноттары
1200	Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
1250	Басқа банктерде орналастырылған салымдар
1300	Басқа банктерге берілген заемдар
1350	Филиалдармен есеп айырысулар
1400	Клиенттерге қойылатын талаптар
1450	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
1460	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары
1470	Капиталға инвестициялар және реттелген борыш
1480	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар
1490	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын басқа да қаржы активтері
1550	Төлемдер бойынша есеп айырысулар
1600	Қорлар
1610	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер

1650, 1690	Негізгі құралдар және материалдық емес активтер
1700	Сыйақы алуға байланысты есептелген кірістер
1790	Сыйақыны және шығыстарды алдын ала төлеу
1810	Есептелген комиссиялық кірістер
1830	Мерзімі өткен комиссиялық кірістер
1850	Басқа да дебиторлар
1880	Секьюритилендірілген активтер
1890	Туынды қаржы құралдарымен жасалған операциялар және дилинг операциялары бойынша талаптар.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.09.2022 № 81 (01.01.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2023 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

**8. "Міндеттемелер" екінші класына мынадай шоттар тобы кіреді:**

2010	Корреспонденттік шоттар
2020	Басқа банктердің талап етілмелі салымдары
2030	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар
2040	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар
2050	Басқа банктерден алынған заемдар және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан заемдар
2110	Овернайт заемдары
2120	Мерзімді салымдар
2150	Филиалдармен есеп айырысулар
2200	Клиенттер және басқа да кредиторлар алдындағы міндеттемелер
2255	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары
2300	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар
2400	Реттелген борыштар
2550	Төлемдер бойынша есеп айырысулар
2700	Сыйақы төлеуге байланысты есептелген кірістер
2770	Әкімшілік-шаруашылық қызмет бойынша есептелген шығыстар
2790	Сыйақыны және шығыстарды алдын ала төлеу
2810	Есептелген комиссиялық шығыстар
2830	Мерзімі өткен комиссиялық шығыстар
2850	Басқа да дебиторлар

2880	Секьюритилендірілетін активтер бойынша міндеттемелер
2890	Туынды қаржы құралдарымен жасалған операциялар және дилинг операциялары бойынша міндеттемелер.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 267 (01.07.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.09.2022 № 81 (01.01.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

**9. "Меншікті капитал" үшінші класына мынадай шоттар тобы кіреді:**

3000	Жарғылық капитал
3100	Қосымша капитал
3200	Жалпы банктік тәуекелдерге арналған резервтер (провизиялар)
3400	Динамикалық резервтер
3500	Резервтік капитал және қайта бағалау резервтері.";

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2013 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**10. "Кірістер" төртінші класына мынадай шоттар тобы кіреді:**

4050	Корреспонденттік шоттар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4090	Сыйақы алуға байланысты басқа кірістер
4100	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне орналастырылған салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4200	Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4250	Басқа банктерде орналастырылған салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4300	Басқа банктермен, Қазақстан Республикасының Үкіметімен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен, ұлттық басқарушы холдингпен, жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорымен, халықаралық қаржы ұйымдарымен қарыздармен операциялар бойынша кірістер
4350	Филиалдармен есеп айырысулар бойынша кірістер
4400	Клиенттермен операциялар бойынша кірістер
4450	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4465	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша кірістер
4470	Капиталға және реттелген борышқа инвестициялар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер

4480	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4490	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын басқа да қаржы құралдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
4500	Дилинг операциялары бойынша кірістер
4600	Комиссиялық кірістер
4700	Қайта бағалаудан болатын кірістер
4730	Қайта бағалаудан кіріс
4850	Сатудан болатын кірістер
4870	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесінің өзгеруіне байланысты кірістер
4890	Туынды қаржы құралдарымен жасалған операциялар бойынша кірістер
4900	Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)
4920	Басқа да кірістер
4950	Резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден болатын кірістер
4999	Салыққа дейінгі кіріс.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.09.2022 № 81 (01.01.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2023 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

#### 11. "Шығыстар" бесінші класына мынадай шоттар тобы кіреді:

5020	Корреспонденттік шоттар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5030	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты және (немесе) қарыздар құнын түзетуге байланысты шығыстар
5040	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қарыздар бойынша шығыстар
5050	Банктерден алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5060	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты және (немесе) басқа банктерден алынған немесе басқа банктерге берілген қарыздар құнын түзетуге байланысты шығыстар
5090	Сыйақы төлеуге байланысты басқа шығыстар

5110	Овернайт заемдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5120	Басқа банктердің салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5150	Филиалдармен есеп айырысулар бойынша шығыстар
5200	Клиенттермен операциялар бойынша шығыстар
5250	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша шығыстар
5300	Бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5400	Реттелген борыш бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар
5450	Резервтер (провизиялар) қалыптастыруға арналған шығыстар
5500	Дилинг операциялары бойынша шығыстар
5600	Комиссиялық шығыстар
5700	Қайта бағалау шығыстары
5720	Еңбекақы төлеу және міндетті аударымдар бойынша шығыстар
5730	Қайта бағалаудан шығыс
5740	Жалпы шаруашылық шығыстары
5760	Корпоративтік табыс салығын қоспағанда, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер
5780	Амортизациялық аударымдар
5850	Сатудан болатын шығыстар
5870	Занды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесінің өзгеруіне байланысты шығыстар
5890	Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша шығыстар
5900	Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)
5920	Басқа да шығыстар
5999	Корпоративтік табыс салығы.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2022 № 81 (01.01.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2023 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

**12. "Шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер" алтыншы класына мынадай шоттар тобы кіреді:**

6000-6500	Аккредитивтер бойынша шоттар
6050-6550	Кепілдік беру бойынша шоттар
6080-6580	Форфейтинг операциялары бойынша борышкерге қойылатын талаптар (міндеттемелер)



6100-6600	Болашақта салымдар мен заемдар орналастыру бойынша шоттар
6130-6630	Клиенттердің жылжымайтын салымдары бойынша шоттар
6150-6650	Болашақта салымдар мен заемдар алу бойынша шоттар
6180-6680	Вексельдер бойынша ықтимал талаптар (міндеттемелер)
6200-6700	Бағалы қағаздар сатып алу бойынша және өзге туынды қаржы құралдары бойынша шоттар
6300-6800	Бағалы қағаздар сату бойынша және өзге туынды қаржы құралдары бойынша шоттар
6400-6900	Валюталық құндылықтарды сатып алу-сату бойынша шоттар.

### 13. "Балансқа меморандумның шоттары" жетінші класына мынадай шоттар тобы кіреді:

7100	Мемориалдық шоттар – активтер
7200	Мемориалдық шоттар – пассивтер
7300	Мемориалдық шоттар – басқалары
7400	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының сақтауға қабылдаған зейнетақы активтері
7500	Талап ету құқықтары сенімгерлік басқаруға қабылданған ипотекалық заемдар
7600	Клиенттердің сенімгерлік (инвестициялық) басқарудағы активтері
7630	Сенімгерлік (инвестициялық) басқару бойынша операциялар бойынша міндеттемелер
7650	Капитал
7660	Сенімгерлік (инвестициялық) басқару бойынша операциялар бойынша кірістер
7680	Сенімгерлік (инвестициялық) басқару бойынша операциялар бойынша шығыстар
7700	Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін қоспағанда, кастодиандық сақтауға қабылдаған активтері
7800	Инвестициялық депозит туралы шарт бойынша активтер
7830	Инвестициялық депозит туралы шарт бойынша міндеттемелер
7850	Капитал
7860	Инвестициялық депозит туралы шарт бойынша кірістер
7880	Инвестициялық депозит туралы шарт бойынша шығыстар.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.07.2013 № 194 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## 2-тарау. Шоттар

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2016 № 279 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### 1-параграф. Активтер

Ескерту. 1-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2013 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 1-параграфқа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.08.26 № 109 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.03.2017 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2017 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2019 № 267 (01.07.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.09.2022 № 81 (01.01.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2023 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1000	Ақша
1001	Кассадағы қолма-қол ақша
1002	Жолдағы банкноттар және монеталар
1003	Айырбастау пункттеріндегі қолма-қол ақша
1004	Кешкі кассадағы қолма-қол ақша
1005	Банкоматтардағы және электрондық терминалдардағы қолма-қол ақша
1006	Жолдағы жол чектеріндегі ақша
1007	Қымбат металдардан жасалған, кассадағы монеталар
1008	Жол чектеріндегі ақша
1009	Қымбат емес металдардан жасалған, кассадағы коллекциялық монеталар
1010	Тазартылған қымбат металдар
1011	Тазартылған қымбат металдар
1012	Жолдағы тазартылған қымбат металдар
1013	Металл шоттарда орналастырылған тазартылған қымбат металдар
1050	Корреспонденттік шоттар

1051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шот
1052	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар
1053	Ипотекалық ұйымдардың банктердегі ағымдағы шоттары
1054	Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар мен ипотекалық ұйымдардың ағымдағы шоттары бойынша резервтер (провизиялар)
1055	Банктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі ағымдағы шоттары
1060	Электрондық ақша
1061	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған электрондық ақша
1062	Банктер мен Ұлттық пошта операторы шығарған электрондық ақша
1100	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қойылатын талап
1101	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар (бір түнге)
1102	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі талап етілмелі салымдар
1103	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі мерзімді салымдар
1104	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі міндетті резервтер
1105	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналасатырылған салымдар бойынша дисконт
1106	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған салымдар бойынша сыйлықақы
1150	Айналысқа шығарылғанға дейінгі ұлттық валюта банкноттары
1200	Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
1201	Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
1202	Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешек
1205	Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын, сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт
1206	Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын, сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы
1208	Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздардың әділ құнын оң түзету шоты

1209	Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздардың әділ құнын теріс түзету шоты
1250	Басқа банктерде орналастырылған салымдар
1251	Басқа банктерде орналастырылған (бір түнге) салымдар
1252	Басқа банктерде орналастырылған талап етілмелі салымдар
1253	Басқа банктерде орналастырылған қысқа мерзімді (бір айға дейінгі) салымдар
1254	Басқа банктерде орналастырылған қысқа мерзімді (бір жылға дейінгі) салымдар
1255	Басқа банктерде орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар
1256	Басқа банктерде орналастырылған шартты салымдар
1257	Басқа банктердің салымдар бойынша мерзімі өткен берешегі
1258	Басқа банктерде орналастырылған жинақ салымдар (бір айдан аспайтын)
1259	Басқа банктерде орналастырылған салымдар бойынша резервтер (провизиялар)
1260	Басқа банктерде орналастырылған мерзімді салымның құнын оң түзету шоты
1261	Басқа банктерде орналастырылған мерзімді салымның құнын теріс түзету шоты
1262	Басқа банктерде орналастырылған шартты салымның құнын оң түзету шоты
1263	Басқа банктерде орналастырылған шартты салымның құнын теріс түзету шоты
1264	Банктің, ипотекалық ұйымның және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым
1265	Басқа банктерде орналастырылған салымдар бойынша дисконт
1266	Басқа банктерде орналастырылған салымдар бойынша сыйлықақы
1267	Банктің және ипотекалық ұйымның міндеттемелерін қамтамасыз ету(кепілзат, кепілпұл) ретінде берілген ақшаны сақтау шоты
1268	Басқа банктерде орналастырылған жинақ салымдар (бір жылдан аспайтын)
1269	Басқа банктерде орналастырылған жинақ салымдар (бір жылдан астам)
1300	Басқа банктерге берілген заемдар
1301	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары бойынша овердрафт заемдары
1302	Басқа банктерге берілген қысқа мерзімді заемдар

1303	Басқа банктерге берілген овернайт заемдары
1304	Басқа банктерге берілген ұзақ мерзімді заемдар
1305	Басқа банктерге берілетін қаржы лизингі
1306	Басқа банктердің заемдар бойынша мерзімі өткен берешегі
1309	Басқа банктердің қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешегі
1310	Басқа банктерге берілген заемның құнын оң түзету шоты
1311	Басқа банктерге берілген заемның құнын теріс түзету шоты
1312	Басқа банктерге берілген заемдар бойынша дисконт
1313	Басқа банктерге берілген заемдар бойынша сыйлықақы
1319	Басқа банктерге берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)
1332	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын заемдардың әділ құнын оң түзету шоты
1333	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын заемдардың әділ құнын теріс түзету шоты
1350	Филиалдармен есеп айырысулар
1351	Бас офиспен есеп айырысулар
1352	Жергілікті филиалдармен есеп айырысулар
1353	Шетелдік филиалдармен есеп айырысулар
1400	Клиенттерге қойылатын талаптар
1401	Клиенттерге берілген овердрафт заемдары
1403	Клиенттердің кредит карточкалары бойынша шоттар
1405	Клиенттердің есепке алынған вексельдері
1406	Клиенттердің есепке алынған вексельдері бойынша бұрынғы вексель ұстаушылар есептеген сыйақы
1407	Клиенттерге факторинг
1409	Клиенттердің факторинг бойынша мерзімі өткен берешегі
1411	Клиенттерге берілген қысқа мерзімді заемдар
1417	Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді заемдар
1420	Клиенттерге берілетін қаржы лизингі
1421	Клиенттердің қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешегі
1422	Клиенттерге форфейтинг
1423	Клиенттердің форфейтинг бойынша мерзімі өткен берешегі
1424	Клиенттердің заемдар бойынша мерзімі өткен берешегі

1425	Клиенттердің наразылық білдірілген вексельдері
1426	Клиентке сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша қойылатын талаптар
1427	Сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша мерзімі өткен берешек
1428	Клиенттерге берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)
1429	Клиенттерге берілген басқа да заемдар
1430	Клиенттерге берілген қарыздың әділ құнын оң түзету шоты
1431	Клиенттерге берілген қарыздың әділ құнын теріс түзету шоты
1432	Есепке алынған вексельдер бойынша дисконт
1433	Есепке алынған вексельдер бойынша сыйлықақы
1434	Клиенттерге берілген заемдар бойынша дисконт
1435	Клиенттерге берілген заемдар бойынша сыйлықақы
1445	Сенімгерлік басқаруға берілген қаржылық активтер
1450	Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
1452	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар
1453	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын, сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт
1454	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын, сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы
1456	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздардың әділ құнын оң түзету шоты
1457	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздардың әділ құнын теріс түзету шоты
1459	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешек
1460	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары
1461	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары
1462	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша мерзімі өткен берешек
1463	Бағалы қағаздармен "кері РЕПО" операциялары бойынша резервтер (провизиялар)
1470	Капиталға және реттелген борышқа инвестициялар
1471	Еншілес ұйымдарға инвестициялар
1472	Қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар
1473	Ислам банкінің өндірістік және сауда қызметіне инвестициялары

1474	Еншілес ұйымдарға инвестициялардың құнсыздануы
1475	Реттелген борышқа инвестициялар
1476	Басқа да инвестициялар
1477	Реттелген борышқа инвестициялар бойынша резервтер (провизиялар)
1480	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар
1481	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар
1482	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша дисконт
1483	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы
1485	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешек
1486	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша резервтер (провизиялар)
1490	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын басқа да қаржы активтері
1491	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын басқа да қаржы активтері
1492	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын басқа да қаржы активтері бойынша дисконт
1493	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын басқа да қаржы активтері бойынша сыйлықақы
1494	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын басқа да қаржы активтері бойынша мерзімі өткен берешек
1495	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын басқа да қаржы активтері бойынша резервтер (провизиялар)
1550	Төлемдер бойынша есеп айырысулар
1551	Басқа банктермен есеп айырысулар
1552	Клиенттермен есеп айырысулар
1553	Клиенттер мен инвестициялық депозиттер бойынша есеп айырысулар
1600	Қорлар
1601	Тазартылмаған қымбат металдар
1602	Басқа да қорлар
1603	Қымбат металдардан жасалған, қоймадағы монеталар
1604	Қымбат емес металдардан жасалған, қоймадағы коллекциялық монеталар

1610	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер
1650, 1690	Негізгі құралдар және материалдық емес активтер
1651	Салынып жатқан (орнатылып жатқан) негізгі құралдар
1652	Жер, үйлер және ғимараттар
1653	Компьютерлік жабдық
1654	Басқа да негізгі құралдар
1655	Пайдалану құқығы нысанындағы активтер
1656	Жалға беруге арналған негізгі құралдар
1657	Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындар
1658	Көлік құралдары
1659	Материалдық емес активтер
1660	Құрылатын (әзірленетін) материалдық емес активтер
1661	Гудвилл
1662	Инвестициялық мүлік
1691	Инвестициялық мүлік бойынша есептелген амортизация
1692	Үйлер және ғимараттар бойынша есептелген амортизация
1693	Компьютерлік жабдық бойынша есептелген амортизация
1694	Басқа да негізгі құралдар бойынша есептелген амортизация
1695	Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша есептелген амортизация
1696	Жалға беруге арналған негізгі құралдар бойынша есептелген амортизация
1697	Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындар бойынша есептелген амортизация
1698	Көлік құралдары бойынша есептелген амортизация
1699	Материалдық емес активтер бойынша есептелген амортизация
1700	Сыйақы алуға байланысты есептелген кірістер бойынша есептелген кірістер
1705	Корреспонденттік шоттар бойынша есептелген кірістер
1710	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған салымдар бойынша есептелген кірістер
1725	Басқа банктерде орналастырылған салымдар бойынша есептелген кірістер
1726	Басқа банктерде орналастырылған салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы



1727	Металл шоттарда орналастырылған тазартылған қымбат металдар бойынша есептелген кірістер
1728	Банктің, ипотекалық ұйымның және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша есептелген кірістер
1729	Инвестициялық депозиттермен операциялар бойынша есептелген кірістер
1730	Басқа банктерге берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша есептелген кірістер
1731	Басқа банктерге берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақы
1735	Бас офис пен оның филиалдары арасындағы есеп айырысулар бойынша есептелген кірістер
1740	Клиенттерге берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша есептелген кірістер
1741	Клиенттерге берілген заемдар мен қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақы
1744	Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер
1745	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер
1746	Әділ құны бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша есептелген кірістер
1747	Капиталға және реттелген борышқа инвестициялар бойынша есептелген кірістер
1748	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары бойынша есептелген кірістер
1749	Басқа да мерзімі өткен сыйақы
1750	Бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен сыйақы
1752	Есепке алынған вексельдер бойынша есептелген кірістер
1753	Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген кірістер
1755	Сенімгерлік басқаруға берілген қаржылық активтер бойынша есептелген кірістер
1756	Басқа да операциялар бойынша есептелген кірістер
1757	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын басқа да қаржы активтері бойынша есептелген кірістер
1771	Ислам банкінің жалдау талаптарындағы инвестициялық қызмет бойынша есептелген кірістері
1772	Жалдау талаптарындағы инвестициялық қызмет бойынша мерзімі өткен берешек

1790	Сыйақыны және шығыстарды алдын ала төлеу
1792	Алынған заемдар мен салымдар бойынша сыйақыны алдын ала төлеу
1793	Болашақ кезеңдер шығыстары
1799	Басқа да алдын ала төлемдер
1810	Есептелген комиссиялық кірістер
1811	Аударым операциялары бойынша қызмет көрсетулер үшін есептелген комиссиялық кірістер
1812	Агенттік қызмет көрсетулер үшін есептелген комиссиялық кірістер
1813	Бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша қызмет көрсетулер үшін есептелген комиссиялық кірістер
1814	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша қызмет көрсетулер үшін есептелген комиссиялық кірістер
1815	Сенімгерлік операциялар бойынша қызмет көрсетулер үшін есептелген комиссиялық кірістер
1816	Кепілдіктермен операциялар бойынша қызмет көрсетулер үшін есептелген комиссиялық кірістер
1817	Салымдарды қабылдау, клиенттердің банк шоттарын ашу және жүргізу бойынша қызмет көрсетулер үшін есептелген комиссиялық кірістер
1818	Есептелген басқа да комиссиялық кірістер
1819	Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет бойынша есептелген комиссиялық кірістер
1820	Төлем құжаттарының акцепті үшін есептелген комиссиялық кірістер
1821	Кассалық операциялар бойынша қызмет көрсетулер үшін есептелген комиссиялық кірістер
1822	Құжаттық есеп айырысулар бойынша есептелген комиссиялық кірістер
1823	Форфейтинг операциялары бойынша қызмет көрсетулер үшін есептелген комиссиялық кірістер
1824	Факторинг операциялары бойынша қызмет көрсетулер үшін есептелген комиссиялық кірістер
1825	Инкассациялау бойынша қызмет көрсетулер үшін есептелген комиссиялық кірістер
1826	Тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сату бойынша қызмет көрсетулер үшін есептелген комиссиялық кірістер
1827	Сейф операциялары бойынша қызмет көрсетулер үшін есептелген комиссиялық кірістер
1830	Мерзімі өткен комиссиялық кірістер
1831	Аударым операциялары бойынша қызмет көрсетулер үшін мерзімі өткен комиссиялық кірістер
1832	Агенттік қызмет көрсетулер үшін мерзімі өткен комиссиялық кірістер

1833	Бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша қызмет көрсетулер үшін мерзімі өткен комиссиялық кірістер
1834	Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша қызмет көрсетулер үшін мерзімі өткен комиссиялық кірістер
1835	Сенімгерлік операциялары бойынша қызмет көрсетулер үшін мерзімі өткен комиссиялық кірістер
1836	Берілген кепілдіктер бойынша қызмет көрсетулер үшін мерзімі өткен комиссиялық кірістер
1837	Салымдарды қабылдау, клиенттердің банк шоттарын ашу және жүргізу бойынша қызмет көрсетулер үшін мерзімі өткен комиссиялық кірістер
1838	Мерзімі өткен басқа да комиссиялық кірістер
1839	Бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет бойынша мерзімі өткен комиссиялық кірістер
1840	Төлем құжаттарының акцепті үшін мерзімі өткен комиссиялық кірістер
1841	Кассалық операциялар бойынша қызмет көрсетулер үшін мерзімі өткен комиссиялық кірістер
1842	Құжаттық есеп айырысулар бойынша мерзімі өткен комиссиялық кірістер
1843	Форфейтинг операциялары бойынша қызмет көрсетулер үшін мерзімі өткен комиссиялық кірістер
1844	Факторинг операциялары бойынша қызмет көрсетулер үшін мерзімі өткен комиссиялық кірістер
1845	Есептелген және мерзімі өткен комиссиялық кірістер бойынша резервтер (провизиялар)
1850	Басқа да дебиторлар
1851	Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша есеп айырысулар
1852	Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларымен есеп айырысулар
1853	Акционерлермен есеп айырысулар (дивидендтер бойынша)
1854	Қызметкерлерімен есеп айырысулар
1855	Құжаттық есеп айырысулар бойынша дебиторлар
1856	Күрделі салымдар бойынша дебиторлар
1857	Кейінге қалдырылған салық активтері
1858	Шетел валютасы бойынша қысқа валюталық позиция
1859	Шетел валютасының теңгедегі (ұзақ валюталық позицияның) қарсы құны
1860	Банк қызметі бойынша басқа да дебиторлар

1861	Кепілдіктер бойынша дебиторлар
1864	Акцептелген вексельдер үшін клиентке қойылатын талаптар
1867	Негізгі емес қызмет бойынша басқа да дебиторлар
1870	Басқа да транзиттік шоттар
1871	Шот ашпай жеке тұлғалардың аударымдарына арналған транзиттік шоттар
1873	Тазартылған қымбат металдар бойынша қысқа позиция
1874	Тазартылған қымбат металдардың теңгедегі (тазартылған қымбат металдар бойынша ұзақ позицияның) қарсы құны
1876	Басқа да банк қызметі бойынша резервтер (провизиялар)
1877	Банк қызметіне байланысты дебиторлық берешек бойынша резервтер (провизиялар)
1878	Негізгі емес қызметпен байланысты дебиторлық берешек бойынша резервтер (провизиялар)
1879	Есептелген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)
1880	Секьюритилендірілетін активтер
1890	Туынды қаржы құралдарымен жасалған операциялар мен дилинг операциялары бойынша талаптар
1891	Фьючерс операциялары бойынша талаптар
1892	Форвард операциялары бойынша талаптар
1893	Опцион операциялары бойынша талаптар
1894	Спот операциялары бойынша талаптар
1895	Своп операциялары бойынша талаптар
1899	Басқа да туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша талаптар.

## **2-параграф. Міндеттемелер**

**Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2013 № 63 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Ескерту. 2-параграфқа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.08.26 № 109 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 26.07.2013 № 194 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2017 № 252 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2019 № 267 (01.07.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.09.2022 № 81 (

01.01.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі); 21.08.2023 № 63 (01.12.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.11.2023 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2010	Корреспонденттік шоттар
2011	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің корреспонденттік шоттары
2012	Шетелдік орталық банктердің корреспонденттік шоттары
2013	Басқа банктердің корреспонденттік шоттары
2014	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары
2016	Басқа банктердің тазартылған қымбат металдағы металл шоттары
2020	Басқа банктердің талап етілмелі салымдары
2021	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талап етілмелі салымдары
2022	Шетелдік орталық банктердің талап етілмелі салымдары
2023	Басқа банктердің талап етілмелі салымдары
2024	Басқа банктердің талап етілмелі салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2030	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар
2031	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша сыйлықақы
2032	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша дисконт
2034	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қысқа мерзімді қарыздар
2035	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздың құнын оң түзету шоты
	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және

2036	жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған ұзақ мерзімді қарыздар
2037	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздың құнын теріс түзету шоты
2038	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан, ұлттық басқарушы холдингтен және жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорынан алынған қарыздар бойынша мерзімі өткен берешек
2040	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар
2041	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар бойынша дисконт
2042	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар бойынша сыйлықақы
2044	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған қысқа мерзімді заемдар
2045	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемның құнын оң түзету шоты
2046	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған ұзақ мерзімді заемдар
2047	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемның құнын теріс түзету шоты
2048	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар бойынша мерзімі өткен берешек
2050	Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар
2051	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған заемдар
2052	Шетелдік орталық банктерден алынған заемдар
2054	Басқа банктерден алынған қысқа мерзімді заемдар
2055	Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемның құнын оң түзету шоты
2056	Басқа банктерден алынған ұзақ мерзімді заемдар
2057	Басқа банктерден алынған қаржы лизингі
2058	Басқа банктерден алынған заемдар мен қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек
2059	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған заемдар мен қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек
2064	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қысқа мерзімді заемдар

2065	Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемның құнын теріс түзету шоты
2066	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған ұзақ мерзімді заемдар
2067	Алынған қаржы лизингі
2068	Заемдар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек
2069	Алынған заемдар бойынша сыйлықақы
2070	Алынған заемдар бойынша дисконт
2110	Овернайт заемдары
2111	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен алынған овернайт заемдары
2112	Шетелдік орталық банктерден алынған овернайт заемдары
2113	Басқа банктерден алынған овернайт заемдары
2120	Мерзімді салымдар
2121	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мерзімді салымдары
2122	Шетелдік орталық банктердің мерзімді салымдары
2123	Басқа банктердің қысқа мерзімді (бір айға дейінгі) салымдары
2124	Басқа банктердің қысқа мерзімді (бір жылға дейінгі) салымдары
2125	Басқа банктерден бір түнге тартылған салымдар
2126	Басқа банктердің тазартылған қымбат металдардағы мерзімді салымдары
2127	Басқа банктердің ұзақ мерзімді салымдары
2128	Басқа банктерден тартылған мерзімді салымның құнын оң түзету шоты
2129	Басқа банктерден тартылған мерзімді салымның құнын теріс түзету шоты
2130	Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым
2131	Басқа банктер мен қаржы ұйымдарының міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты
2132	Басқа банктердің жинақ салымдары (бір айдан аспайтын)
2133	Басқа банктердің шартты салымдары
2134	Басқа банктердің жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
2135	Басқа банктердің мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2136	Басқа банктерден тартылған шартты салымның құнын оң түзету шоты

2137	Басқа банктерден тартылған шартты салымның құнын теріс түзету шоты
2138	Басқа банктердің шартты салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2139	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша сыйлықақы
2140	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен, шетелдік орталық банктерден, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салымдар бойынша дисконт
2141	Басқа банктердің жинақ салымдары (бір жылдан астам)
2143	Басқа банктердің жинақ салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2144	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдары
2145	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салым құнын оң түзету шоты
2146	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан тартылған салым құнын теріс түзету шоты
2147	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2150	Филиалдармен есеп айырысулар
2151	Бас офиспен есеп айырысулар
2152	Жергілікті филиалдарымен есеп айырысулар
2153	Шетелдік филиалдарымен есеп айырысулар
2200	Клиенттер және басқа да кредиторлар алдындағы міндеттемелер
2201	Мемлекеттік бюджеттің ақшасы
2202	Клиенттердің, инвестициялық портфельді басқарушылардың ақшасын есепке алуға арналған банктік шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар
2203	Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары
2204	Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары
2205	Жеке тұлғалардың талап етілмелі салымдары
2206	Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
2207	Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
2208	Жеке тұлғалардың шартты салымдары
2210	Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржылық активтер
2211	Заңды тұлғалардың талап етілмелі салымдары



2212	Клиенттердің тазартылған қымбат металдағы металл шоттары
2213	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымы
2214	Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
2215	Заңды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары
2216	Клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы мерзімді салымдары
2217	Заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары
2218	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан астам)
2219	Заңды тұлғалардың шартты салымдары
2220	Заңды тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан аспайтын)
2222	Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары
2223	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын заңды тұлғалардың салымы
2224	Клиенттердің талап етілмелі салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2225	Клиенттермен жасалған басқа да операциялар бойынша мерзімі өткен берешек
2226	Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2227	Жалдау бойынша міндеттемелер
2228	Мерзімінде орындалмаған нұсқаулар
2229	Жеке тұлғалардың жинақ салымдары (бір жылдан астам)
2230	Жалдау бойынша міндеттемелер бойынша мерзімі өткен берешек
2231	Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2232	Клиенттердің шартты салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2233	Клиенттердің мерзімді салымының құнын оң түзету шоты
2234	Клиенттердің мерзімді салымының құнын теріс түзету шоты
2235	Клиенттердің мерзімді шартты салымының құнын оң түзету шоты
2236	Клиенттердің мерзімді шартты салымының құнын теріс түзету шоты
2237	Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес жөнелтушінің нұсқауларын сақтау шоты

2238	Клиенттерден тартылған салымдар бойынша сыйлықақы
2239	Клиенттерден тартылған салымдар бойынша дисконт
2240	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты
2241	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымы
2242	Номиналды ұстаушы функцияларын, оның ішінде "Астана" халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитетінің тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын тұлға клиенттерінің ақшасын есепке алуға арналған банктер ашқан банк шоттарындағы инвестицияланбаған қалдықтар
2243	Клиенттердің жинақ салымдары бойынша мерзімі өткен берешек
2245	Инвестициялық депозиттер
2255	Бағалы қағаздармен "РЕПО" операциялары
2256	"Кері РЕПО" операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы түріндегі міндеттеме
2257	"Кері РЕПО" операциялары бойынша қабылданған бағалы қағаздарды қайтару бойынша міндеттеме
2300	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар
2301	Айналысқа шығарылған облигациялар
2303	Айналысқа шығарылған басқа да бағалы қағаздар
2304	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы
2305	Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт
2306	Сатып алынған облигациялар
2400	Реттелген борыштар
2401	Өтеу мерзімі бес жылдан аз, реттелген борыштар
2402	Өтеу мерзімі бес жылдан астам, реттелген борыштар
2403	Айналысқа шығарылған, реттелген облигациялар бойынша сыйлықақы
2404	Айналысқа шығарылған, реттелген облигациялар бойынша дисконт
2405	Сатып алынған реттелген облигациялар
2406	Реттелген облигациялар
2407	Реттелген борыш бойынша сыйлықақы
2408	Реттелген борыш бойынша дисконт
2451	Мерзімсіз қаржы құралдары
2550	Төлемдер бойынша есеп айырысулар

2551	Басқа банктермен есеп айырысулар
2552	Клиенттермен есеп айырысулар
2700	Сыйақы төлеуге байланысты есептелген шығыстар
2701	Корреспонденттік шоттар бойынша есептелген шығыстар
2702	Басқа банктердің талап етілмелі салымдары бойынша есептелген шығыстар
2703	Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан және ұлттық басқарушы холдингтен алынған заемдар бойынша есептелген шығыстар
2704	Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар бойынша есептелген шығыстар
2705	Басқа банктерден алынған заемдар мен қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар
2706	Заемдар мен қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар
2707	Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілпұл) ретінде қабылданған ақша сомасына сыйақы төлеуге байланысты есептелген шығыстар
2708	Басқа банктердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар
2709	Басқа банктердің жинақ салымдары бойынша есептелген шығыстар
2711	Басқа банктердің овернайт заемдары бойынша есептелген шығыстар
2712	Басқа банктердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар
2713	Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша есептелген шығыстар
2714	Басқа банктердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар
2715	Бас офис пен оның филиалдарының арасындағы есеп айырысулар бойынша есептелген шығыстар
2717	Клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар
2718	Клиенттердің ағымдағы шоттары бойынша есептелген шығыстар
2719	Клиенттердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар
2720	Клиенттердің талап етілмелі салымдары бойынша есептелген шығыстар
2721	Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар
2722	Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары бойынша есептелген шығыстар

